## Әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын ұсыну туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 295 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 5191 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 250 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.10.2018 № 250 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 182-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қызылорда облысында мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды өтеу бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қызылорда облыстық мәслихатының 39-сессиясының төрағасы Р. Байназарова* | *Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы А. Әлназарова* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК